**«БЕКІТЕМІН»**
**Қазақстан Республикасы Президентінің**
**жанындағы Мемлекеттік басқару**
**акдемиясының ректоры**
**_____________ Е.Қ. Әбіл**
**«08» ___04___ 2025 ж.**

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы**
**және филиалдарының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ішкі корпоративтік мәдениетті қалыптастыру жөніндегі**
**2025 жылға арналған іс-шаралар**
**ЖОСПАРЫ**

| № | Іс-шараның атауы | Мақсаты | Орындау мерзімі | Аяқтау нысаны | Күтілетін нәтиже | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, парасаттылық идеологиясын ілгерілету** | | | | | | |
| 1 | Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі ережелерін, Академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын түсіндіру бойынша Академия және оның филиалдарының қызметкерлерімен түсіндіру кездесулері | Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын түсіндіру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту және тәрбиелеу | Тоқсан сайын | Кездесулер | Құқықтық сауаттылық деңгейді арттыру; сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «нөлдік төзімділік» қағидатын қалыптастыру | Басшылық; бас сарапшы-комплаенс офицер; құрылымдық бөлімшелер; филиалдар |
| 2 | «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы | | 2025 жылдың 1 тоқсаны | Семинар | | Бас сарапшы-комплаенс офицер; ЗжҚҚБ; |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | заңнамасының негіздері» тақырыбында Академия білім алушыларына арналған семинар | | | | | ББСО; құрылымдық бөлімшелер |
| 3 | Академия мен оның филиалдарының қызметкерлеріне арналған «Мүдделер қақтығысы және этика» тақырыбындағы семинар | Академия қызметкерлерінің моральдық және этикалық құндылықтарын дамыту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту және тәрбиелеу | 2025 жылдың 2 тоқсаны | Семинар | Қызметкерлердің хабардарлығын арттыру; мүдделер қақтығысын тану дағдыларын дамыту; этикалық тұрғыдан дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру; корпоративтік мәдениетті нығайту | Бас сарапшы-комплаенс офицер; БАЗСЖҚСжЭС |
| 4 | Академия мен оның филиалдарының қызметкерлеріне арналған «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қалай тануға және алдын алуға болады» тақырыбындағы семинар | Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын түсіндіру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту және тәрбиелеу | 2025 жылдың 3 тоқсаны | Семинар | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы хабардарлықты арттыру; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау дағдыларын дамыту; этикалық стандарттарды нығайту; Академия үшін құқықтық және беделді тәуекелдерді төмендету | Бас сарапшы-комплаенс офицер; құрылымдық бөлімшелер; филиалдар |
| 5 | Академия мен оның филиалдарының қызметкерлеріне арналған «Этика және кәсіби мінез-құлық: стандарттар мен жауапкершілік» тақырыбындағы семинар | Академия қызметкерлерінің іс-әрекеттері мен шешімдерінің негізіне айналатын моральдық және этикалық құндылықтарды дамыту | 2025 жылдың 4 тоқсаны | Семинар | Кәсіби этиканы терең түсіну; жеке жауапкершілікті қалыптастыру; этикалық негізделген шешімдер қабылдау дағдыларын дамыту; корпоративтік мәдениетті нығайту; қақтығыстарды азайту және өзара әрекеттесуді жақсарту | Бас сарапшы-комплаенс офицер; |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ақпараттық-ағарту жұмысы** | | | | | | |
| 6 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі қағидаттары туралы ақпараттық бюллетеньдер мен жадынамалар тарату | Ақпаратты тарату; хабардарлықты арттыру; адалдық мәдениетін қалыптастыру | 2025 жылдың 1 жартыжыл-дығы | Ақпараттық материалды тарату | Қызметкерлердің Академиянын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі қағидаттары мен нормалары туралы хабардар болуын қамтамасыз ету, олардың сыбайлас жемқорлық деп саналатын әрекеттер туралы хабардар болуын арттыру және күнделікті кәсіби қызметте этикалық стандарттарды сақтау үшін негіз құру | Бас сарапшы-комплаенс офицер; құрылымдық бөлімшелер; филиалдар |
| 7 | «Кәсіби ортадағы этика: практикалық кеңестер» тақырыбында бейнероликті жасау және тарату | Қызметкерлерде және білім алушыларда визуалды және практикалық мысалдар арқылы кәсіби этика нормалары мен стандарттарын түсінуді қалыптастыру | 2025 жылдың 2 жартыжыл-дығы | Бейнеролик жасау және көрсету | Қызметкерлердің кәсіби этиканың негізгі принциптері туралы хабардарлығын арттыру; қызметкерлерде этикалық әрекеттердің жұмыс қатынастарына, корпоративтік мәдениетке және Академияның беделіне қалай әсер ететіні туралы тереңірек түсінік қалыптастыру | Бас сарапшы-комплаенс офицер; МКО |
| 8 | Корпоративтік сайттағы «Академияның Комплаенсі» бөлімін жаңарту және өзекті ақпаратпен толтыру | Академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және корпоративтік этика | Үнемі | Сайттағы ақпарат | Академияда кәсіби мінез-құлық стандарттарын сақтауға ықпал ететін ережелер мен процедуралар туралы | Бас сарапшы-комплаенс офицер; МКО; ЦТО |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мәселелері бойынша өзекті, оңай қолжетімді ақпаратпен қамтамасыз ету | | | хабардарлықты арттыру үшін платформа құру | |
| **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді әзірлеу** | | | | | | |
| 9 | Академия қызметкерлері мен білім алушылары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту | Мінез-құлық стандарттарын анықтау; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу; оқыту және хабардарлықты арттыру; мінез-құлық стандарттарын күшейту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды өзектендіру | 2025 жылдың 1 тоқсаны | Нұсқаулық | Академия қызметкерлері мен білім алушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту; міндетті мінез-құлық стандарттарын айқындау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, анықтау және оларға ден қою үшін нақты қадамдар жасау | Бас сарапшы-комплаенс офицер |
| 10 | Мүдделер қақтығысын басқару саясатын әзірлеу және бекіту | | 2025 жылдың 2 тоқсаны | Мүдделер қақтығысын басқару саясаты | Шешім қабылдауда объективтілік пен бейтараптықты қамтамасыз ету; әділ және әдепті жұмыс ортасын құру | Бас сарапшы-комплаенс офицер |
| 11 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарды әзірлеу және бекіту | | 2025 жылдың 3 тоқсаны | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру; шешімдер қабылдау, ресурстарды басқару, конкурстар мен қабылдау науқандарын өткізу кезінде ашықтық пен әділдікті арттыру | Бас сарапшы-комплаенс офицер; құрылымдық бөлімшелер; филиалдар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | Академияның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын жаңарту | | Қажет болған жағдайда | Стандарт | Академия қызметкерлері мен білім алушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимылды қамтамасыз ету, ашықтықты арттыру және адалдық пен жауапкершіліктің корпоративтік мәдениетін нығайту | Бас сарапшы-комплаенс офицер |
| **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша талдау және мониторинг** | | | | | | |
| 13 | Орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің және Академия филиалдарының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу | Құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың қызметі процесінде белгіленген стандарттар мен регламенттердің сақталуын тексеру және бағалау; ұйымдастырушылық қызметпен байланысты ықтимал тәуекелдерді (қаржылық, құқықтық және беделді қоса алғанда) айқындау және азайту | 2025 жылдың 2 жартыжыл-дығы | Талдамалық анықтама | Қызметкерлердің біліктілігін арттыру және кәсіби өсуі жөніндегі іс-шараларды жоспарлау үшін аудит нәтижелерін пайдалану; Академия көрсететін білім беру, ғылыми және әкімшілік қызметтердің сапасын жақсартуға бағдарлану | Басшылық; бас сарапшы-комплаенс офицер; құрылымдық бөлімшелер; филиалдар |
| 14 | ISO 37001 стандарты бойынша Академия сертификатының қолданылуын растау | Заңнама, ішкі регламенттер және халықаралық стандарттар | 2025 жылдың 2 жартыжыл-дығы | Аудит туралы есеп | Сыбайлас жемқорлыққа тиімді қарсы тұруға бағытталған ISO 37001 халықаралық | Бас сарапшы-комплаенс офицер; |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | мақсатында сертификаттау жөніндегі орган жүргізетін байқау аудитін ұйымдастыру | талаптарының орындалуын тексеру | | | стандартының стандарттары мен қағидаттарына толық сәйкес келетін басқару жүйесін қолдау | құрылымдық бөлімшелер |
| 15 | ISO 37001 халықаралық стандартының ережелері мен талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің жұмыс істеуін талдау және қолдау | Қызметкерлердің, серіктестердің, клиенттердің және реттеуші органдардың Академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына деген сенімін нығайту | Үнемі | Сәйкестік сертификаты | | Басшылық; бас сарапшы-комплаенс офицер; құрылымдық бөлімшелер; филиалдар |
| **Корпоративтік мәдениет пен этиканы қалыптастыруға және нығайтуға бағытталған іс-шаралар** | | | | | | |
| 16 | Академия мен оның филиалдарының басқару жүйесіне деген сенім тақырыбында қызметкерлерге тұрақты анонимді сауалнамалар жүргізу | Басқару жүйесіне деген сенім деңгейін бағалау; сенім деңгейіне әсер ететін факторларды анықтау (оң және теріс); объективті талдау және басқару шешімдерін әзірлеу үшін мәліметтер жинау | Тоқсан сайын | Анонимді сауалнамалар | Еңбек жағдайларын жақсарту, басшылықпен өзара іс-қимыл және корпоративтік мәдениет үшін кері байланыс жинау | Бас сарапшы-комплаенс офицер |
| 17 | Қызметкерлердің командалық рух пен өзара сенімді нығайтуға бағытталған тимбилдинг және басқа да іс-шараларды өткізу | Байланысты жақсарту; ынтымақтастықты нығайту; қызметкерлердің ынтасын арттыру | Қажет болған жағдайда | Іс-шаралар | Корпоративтік этиканы нығайту; қызметкерлер арасында сенім қалыптастыру; Академияның стандарттары мен саясаттарын сақтаудағы жауапкершілікті арттыру | Басшылық; бас сарапшы-комплаенс офицер; құрылымдық бөлімшелер; филиалдар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 18 | Академия басшылығының қызметкерлермен, оның ішінде филиалдармен этикалық стандарттарды және Академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын сақтау мәселелері бойынша кездесулерін өткізу | Корпоративтік мәдениетті нығайту; басшылық тарапынан үлгі қалыптастыру; қызметкерлерді нормалар мен стандарттарды сақтауға ынталандыру | Тоқсан сайын | Кездесулер | Орталық аппарат пен филиалдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту; Академияның барлық деңгейлерінде, оның ішінде филиалдарда, этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне біріңғай көзқарасты қамтамасыз ету | Басшылық; бас сарапшы-комплаенс офицер; құрылымдық бөлімшелер; филиалдар |

**Ескерту:** жоспар тармақтарының орындалуына жауапты Академия қызметкерлері олардың орындалмағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады

**Аббревиатуралардың толық жазылуы:**

| | | |
|---|---|---|
| **Басшылық** | - | **Академияның Ректоры, вице-ректорлар** |
| **ЦТО** | | **Цифрлық технологиялар орталығы** |
| **ЗжҚҚБ** | - | **Заң және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі** |
| **ПБО** | - | **Персоналды басқару орталығы** |
| **ББСО** | - | **Білім беру саясаты орталығы** |
| **БАЗСЖҚСжЭС** | - | **Бюрократиядан арылтуды зерттеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және этика секторы** |
| **МКО** | - | **Маркетинг және коммуникациялар орталығы** |